

верований. В-четвертых, в Исламе не поощряется вероотступничество. Данное деяние считается греховным и свидетельствует о невежестве человека. В заключении следует отметить, что формирование представлений о свободе совести и вероисповедания на территории исторического Таджикистана имеет долгую и богатую историю. Не будет ошибкой утверждение, что основу для возникновения данного права заложили предки нашего народа. При этом в религиозно-философских учениях таджикского народа (зороастризм и ислам) и в правовых актах (Декларация Великого Кира) провозглашались постулаты о свободе выбора религии, толерантности и веротерпимости и запрете насильственного насаждения религиозных учений и представлений.

Список использованных источников

1. Диноршоев А.М., Сафаров Б.А. Формирование идей прав человека в Таджикистане: история и современность: монография / Диноршоев А.М., Сафаров Б.А.; Волгоградский филиал ФГБОУ ВПО «Российская академия народного хозяйства и государственной службы». - Волгоград: Изд-во Волгоградского филиала ФГБОУ ВПО РАНХиГС, 2014.
2. Рахмон Д.С., Саъдизода Дж., Сафарзода Н.Ф. Права человека: От культурного различия к диалогу цивилизаций. Отв. ред. Диноршоев А.М. – Душанбе 2018. – С. 176.
3. Насурдинов Э.С., Сафаров Д.С. История государства и права Таджикистана. Ч. 1. Душанбе, 2013. – С. 130.
4. Холиков А.Г. Краткое изложение истории прав человека. Душанбе, 2007. С.52.
5. Пашазаде А.Г. Ислам на Кавказе: опыт историко-культурного анализа. Баку, 2005. С.263.
6. Мамедзаде А.А. Свобода совести в Коране //Государство и право, 2015, № 4, С. 54–63.

УДК 341.1/8

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК ИНСТИТУТЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫ

Данияр Әдемі Аңсатқызы

idemadaniyar@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Халықаралық құқық» білім беру

бағдарламасының кафедрасының 2 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Тлепина Ш.В.

Халықаралық құқықтық жауапкершілік институты халықаралық құқықтың негізгі институттарының бірі болып табылады. Бұл институттың нормалары мемлекетаралық қатынастардың барлық салаларында құқық тәртібін қорғауды қамтамасыз етуге арналған. Халықаралық құқықтық жауапкершілік – халықаралық құқықтың қолданыстағы нормаларын және оның халықаралық міндеттемелерін бұзған халықаралық құқық субъектісі үшін туындайтын келеңсіз құқықтық зардаптар. Жауапкершіліктің құқықтық негіздері халықаралық құқықтың кез келген көздерінде және мемлекет үшін міндетті мінез-құлық ережелерін белгілейтін басқа да актілерде болуы мүмкін. Халықаралық құқық субъектісінің

халықаралық-құқықтық жауапкершілігінің негізі оның халықаралық құқық бұзушылық жасауы болып табылады .

Ғалым А.Фердрос жауапкершілік қағидасын жоққа шығару «халықаралық құқықтың өліміне әкеп соғады, өйткені мемлекеттердің жасаған заңсыз әрекеттері үшін жауапкершіліктен бас тартуы , олардың халықаралық құқық нормаларын сақтау жөніндегі міндеттемелерін де жояр еді» деп есептейді [1,235-б.].

Халықаралық жауапкершілік құқығының негізін салушы ретінде, Гегель философиясының жалынды жақтаушысы заңгер , профессор Август Вильгельм Гефтер танылады. Негізінен А.В Гефтер үшін халықаралық құқық жәй ғана сыртқы мемлекеттік құқықты білдірді, сондықтан да заңгер көбінесе тұжырымдамаларды ұлттық азаматтық-құқықтық жауапкершілік саласынан халықаралық құқыққа экстраполяциялады. Ресей халықаралық құқық доктринасының классигі Ф.Ф.Мартенс «Бұл мәселеде А.В. Гефтердің теориясы азаматтық құқықты халықаралық құқықпен шатастыратын кемшілігінен ғана зардап шегеді» [2] деп атап көрсеткен болатын.

А.В. Гефтер өзінің “Еуропа халықаралық құқық” (1880 ж.) атты классикалық еңбегінде халықаралық жауапкершілік , “мәжбүрлеу құралдары мен репрессалиер”, “эмбарго, блокада” сондай-ақ “ реторсия – түзету шарасы ретінде” ұғымдарын талдады. Осы кезден халықаралық құқықтық доктринада жауапкершілік институтының дамуына алғашқы қадамдар жасалына бастады [3].

XX ғасырдың бірінші жартысында халықаралық жауапкершілік мәселелері бойынша ең маңызды доктриналық зерттеулер Д.Д. Анцилотти, Г. Кельзен, П. Шоен, К. Штрупп, А. Ротт, Ж. Дюма және К. Иглтон секілді ғалымдардың еңбектері болды [4]. Бұл саланың ғылыми-теориялық негізін қалаған да осы ғалымдар болатын .Солай, саланың іргетасы бірте-бірте қаланып, жаңа санаттар енгізіліп, мемлекеттік жауапкершілікті жүзеге асырудың түрлі формалары ұсыныла бастады. Сондықтан да, И.И.Лукашуктың пікірінше, «жалпы алғанда доктрина халықаралық құқықтың заңды күшін тануда, сондай-ақ халықаралық жауапкершілік тұжырымдамасын бекітуде маңызды рөл атқарды» [5].

Халықаралық жауапкершілік мәселесі бірнеше рет Ұлттар Лигасының шеңберінде де қаралған болатын. Дегенмен тек 1928 жылы Панамерикан конференциясының VI қарарында ғана соғыс “азаматқа қарсы қылмыс” деп бекітілді және жауапкершілік мәселелері көтерілді.

Халықаралық жауапкершілік институтының дамуының негізін қалаған ең маңызды халықаралық құқықтық құжаттардың бірі ретінде 1943 жылы қазанда АҚШ , Ұлыбритания және КСРО Сыртқы істер министрлерінің Мәскеу конференциясында қабылдаған фашистердің жасаған зұлымдықтары үшін жауапкершілігі туралы Декларацияны атап өтсек болады. Осыдан кейін Қырым конференциясының қорытындысы бойынша (1945 ж. ақпан) үш державаның басшылары Германияның болашағына өз көзқарастарын білдіре отырып: «Біздің табанды мақсатымыз – неміс милитаризмі мен нацизмі жою және Германияның енді ешқашан дүние жүзіндегі тыныштықты бұза алмайтынына кепіл болу»[6] деп жариялаған болатын .

Репарация мәселесіне ерекше орын беріліп, Германияны осы соғыста оның келтірген зиянын одақтас елдерге мүмкіндігінше барынша заттай , өтеуге міндеттеу әділетті деп танылды.1945 жылы тамызда КСРО, АҚШ, Ұлыбритания және Франция арасында халықаралық әскери трибуналдың жарғысын құруды көздейтін келісімге қол қойылды. Бұл келісімге кейіннен Грекия, Дания, Югославия, Голландия, Чехословакия, Польша, Бельгия ,Эфиопия, Австралия, Гондурас, Норвегия, Панама, Люксембург, Гаити, Жаңа Зеландия, Үндістан, Венесуэла, Уругвай және Парагвай сияқты елдер қосылды. Ақырында, 1946 жылы 1 қазанда Халықаралық әскери трибуналдың үкімі шығарылды, ол сол жылдың желтоқсанында Біріккен Ұлттар Ұйымында мойындалды. Осы мәселеге байланысты қарарда БҰҰ Бас Ассамблеясының Нюрнберг трибуналының Жарғысы әзірлеген және оның үкімінде көрсетілген халықаралық құқық принциптерін бекітетінін атап ткен болатын. Кейіннен

тұлғалардың жауапкершілігімен айналысатын халықаралық трибуналдарды құру тәжірибесі Руанда халықаралық трибуналы, бұрынғы Югославия халықаралық трибуналы, Ливан арнайы трибуналы, Сьерра-Леоне арнайы соты секілді трибуналдарды құрумен жалғасты [7,39-6].

Халықаралық құқықтық жауапкершілік институты әдет-ғұрыппен қатар жеке шарттарға баптарды енгізді, сонымен қатар халықаралық құқықтағы жауапкершіліктің жалпы ережелерін кодификациялауға әрекет жасады. Қазіргі халықаралық құқықтағы жауапкершілік нормаларын кодификациялау процесі ұзақ және күрделі жолдан өтті және қазіргі уақытта әлі аяқталмаған, ең алдымен, бұл БҰҰ халықаралық құқық комиссиясының (бұдан әрі – Комиссия) қызметімен тікелей байланысты.

Қазіргі Халықаралық құқықтық жауапкершілік институты өз тарихында көптеген тыңдалымдар мен сындардан өткен. Институт құрылуы үшін бірнеше жылдар мен баяндамашылар еңбек еткен. Ендеше, тарихқа көз жүгіртіп, жауапкершілік институтының құрылым кестесін жік-жігіне бөле қарастырайық. БҰҰ шеңберінде халықаралық құқықтық жауапкершілікке байланысты проблемаларды зерттеумен 1947 жылы құрылған БҰҰ-ның халықаралық құқық жөніндегі комиссиясы айналысады. Комиссия 1949 жылы өткен өзінің бірінші сессиясында нормаларды кодификациялауға қатысты он төрт мәселенің тізімін анықтады. Мұнда алғаш рет халықаралық құқықтағы жауапкершілік мәселесі енгізілді. Комиссия «Мемлекеттік жауапкершілік туралы» баптардың жобасын дайындай отырып, өзінің жиырма бесінші сессиясының баяндамасында (1973 ж. 7 мамыр – 13 шілде) күш-жігерін осы міндет арасындағы айырмашылықты көрсететін ережелерді зерттеуге шоғырландыру қажет деп қорытындылады. Мемлекетке жауапкершілікті тудыруы мүмкін «бастапқы» ережелерді белгілеу міндеті жүктелді. Одан ары қарай, 1953 жылы желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы 799 (VIII) қарарын қабылдады. Онда «мемлекеттер арасындағы бейбіт қарым-қатынастарды сақтау және дамыту үшін мемлекеттердің жауапкершілігін анықтайтын халықаралық құқық принциптерін кодификациялаған жөн» [8,61-б.] делінген. Комиссия қарарында «ол орынды деп санаған кезде мемлекеттердің жауапкершілігі айқындалатын халықаралық құқық принциптерін кодификациялауға кірісу» сұралды. 1955 жылы осы Бас Ассамблея қарарының ұсыныстарын ескере отырып, Комиссия осы мәселе бойынша Арнайы баяндамашы етіп Ф.В. Гарсия Амадорды тағайындады. Гарсия Амадор 1956-1961 жылдар аралығында мемлекеттік жауапкершілік мәселесі бойынша 6 есеп әзірлеп, Комиссияға тапсырды. Дегенмен, 1956 жылы комиссия өзінің 8-ші отырысында баяндаманы қарап, ол бойынша ешқандай шешім қабылдамады. Тек комиссия мүшелері айтқан пікірлерді ескере отырып, баяндамашыдан жұмысты жалғастыруды сұрады. 1957 жылы 9-шы сессияда Комиссия Гарсия Амадордың екінші баяндамасын жалпы қараумен шектеліп, нақты шешімдер қабылданбады [8,72-б.].

1959 жылдан бастап Халықаралық Құқықтық жауапкершілік институты даму тарихының жаңа кезеңдері басталды. Қаншама жылдар бойы еленбей келе жатқан баяндамашылардың есебі Бас Ассамблея отырысында талқыланатын деңгейге жетті. Десе де, Комиссияның кезекті отырысында штаттардың жауапкершілігіне қатысты мәселелер өте қысқаша талқыланды.

1963 жылы қаңтарда өзінің сессиясында 1962 жылы Халықаралық құқық комиссиясы құрған және құрамында 10 мүшеден тұратын Мемлекеттік жауапкершілік жөніндегі кіші комитет бірауыздан Комиссияға қарастырылып жатқан ережелерді кодификациялау үшін бірінші кезектегі талаптарды орындауды ұсыну туралы шешім қабылдады. Осы тақырып бойынша арнайы баяндамашы болып профессор Роберто Аго тағайындалды. 1980 жылы Комиссия өзінің 32-сессиясында халықаралық жауапкершіліктің пайда болуы туралы баптар жобасының бірінші бөлігін уақытша қабылдады. Бұл бөлім 5 тарау және 35 баптан тұрды. Тарау былай жіктелді: жалпы принциптер; халықаралық құқыққа сәйкес «мемлекеттің

актісі»; халықаралық міндеттемені бұзу; бір мемлекеттің екінші мемлекеттің құқыққа қарсы әрекетіне қатысуы; құқық бұзушылықты болдырмайтын мән-жайлар [9,17-б.].

1979 жылы 31-ші сессиясында Биллем Рифаген осы тақырып бойынша арнайы баяндамашы болып тағайындалды. Ол 1980-1986 жылдар аралығында халықаралық жауапкершіліктің мазмұнына, нысандарына және көлеміне арналған жеті баяндама жасады (Мемлекеттік жауапкершілік туралы баптар жобасының 2 және 3 бөліктері).

Ақырында, барлық жинақталған материалдарды жинап, 1996 жылғы 12 шілдедегі өзінің 48-ші сессиясында Комиссия Мемлекеттік жауапкершілік туралы баптар жобасының мәтінін бірінші оқылымда мақұлдады. 1996 жылы желтоқсанда БҰҰ Бас хатшысы, Бас Ассамблеяның 51/160 резолюциясы халықаралық қоғамдастық мемлекеттерінің үкіметтерінен Жауапкершілік туралы баптар жобасына өз пікірлері мен ескертулеріне сұрау жүргізді.

1997 жылғы 3 шілдеде Комиссия жаңа Арнайы баяндамашы Дж.Кроуфордты тағайындады. Ол 1998-2000 ж.ж. үкіметтердің ескертулеріне негізделген 3 есеп берді. Мемлекеттік жауапкершілік мәселесінен басқа, Комиссия халықаралық ұйымдардың халықаралық жауапкершілігі туралы ережелерді әзірлеумен айналысты.

Осылайша, 2002 жылы Комиссия халықаралық ұйымдардың жауапкершілігі туралы жұмыс тобының баяндамасын бекітті. Жобаның бабында: «Әрбір халықаралық құқықтық акт осы мемлекеттің халықаралық жауапкершілігіне әкеп соғады» [10,35с] деп жазылған. Мұнда тек халықаралық құқыққа ғана емес, құқықтың басқа салаларына да тән құқық бұзушы мемлекеттің жауапкершілігінің бұлтартпастығы принципі белгіленді. Бірақ халықаралық ұйымдар салыстырмалы түрде жақында ғана халықаралық қатынастарда белсенді әрекет ете бастағандықтан, олардың халықаралық құқық субъектілері ретіндегі жауапкершілік мәселесі тек даму сатысында тұрғаны рас. Жақын арада жауапкершілік институты әдет-ғұрыпмен қатар жеке шарттарға жаңа баптарды енгізді. Сонымен қатар халықаралық құқықтағы жауапкершіліктің жалпы ережелерін кодификациялауға әрекет жасалды. Халықаралық үкіметаралық ұйымдарды жауапкершілікке тарту мәселесі ерекше қазіргі кезде өткір мәселелердің бірі болып тұр, ал сот тәжірибесі енді ғана қалыптасып келеді. Халықаралық үкіметаралық ұйымдар санының ұдайы өсуін, сондай-ақ олардың халықаралық қатынастарға ықпалының күшеюін ескере отырып, халықаралық құқық жүйесінің тұтастығы жауапкершілік нормаларын жетілдірумен тікелей байланысты деп айтуға болады.

Халықаралық жауапкершілік құқығын қалыптастырудағы саяси фактордың маңыздылығы бетбұрыс кезеңі болып табылатын қазіргі заманғы халықаралық қатынастарда ерекше көрінеді. Мемлекеттердің халықаралық-құқықтық жауапкершілік саласын одан әрі дамыту және оны сапалық жаңа деңгейге шығаруы үшін, біріншіден, халықаралық құқықтың негізгі субъектілері ретіндегі мемлекеттердің саяси еркі мен құлшынысы, екіншіден, осы саланың даму тарихын ескере отырып, халықаралық қатынастар жүйесіндегі түбегейлі өзгерістер керек деп ойлаймын. Мемлекеттердің халықаралық құқыққа қайшы әрекеттері үшін жауапкершілігі туралы әмбебап конвенция халықаралық құқықтың халықаралық жауапкершілік құқығы сияқты саласының түпкілікті қалыптасуын көрсетеді және жалпы халықаралық құқықтың прогрессивті дамуының жаңа кезеңін белгілейді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Международные правонарушения и ответственность государств. Вильнюс, 1993.
2. Мартенс Ф. Ф. Современное международное право цивилизованных народов. СПб., 1882. С. 432.
3. Гефтер А.-В. Европейское международное право. СПб.: Тип. В. Безобразова и Компании. 1880. 619 с. URL: <http://base.garant.ru/> (қаралған күні 10.04.2022.)

4. Anzilotti D. Teoria generale della responsabilita dello Stato nel diritto internazionale. Firenze, 1902; Kelsen H. Unrecht und Unrechtsfolge im Volkerrecht, Springer, 1932; Schoen P. Die volkerrechtliche Haftung der Staaten aus unerlaubten Handlungen // Zeitschrift für Volkerrecht. Bd. X. 1917; Strupp K. Das volkerrechtliche Delikt // Handbuch des Volkerrechts. Bd. III. Stuttgart, 1920; Roth A. Das volkerrechtliche Delikt vor und in der Verhandlungen auf der Haager Kodifikations Konferenz 1930. Leipzig, 1932; Duma J. De la resposabilite internationale des Etats. Paris, 1930; Eagleton C. The Responsibility of States in International Law. N.Y., 1928.
5. Лукашук И. И. Право международной ответственности. - М., 2004.
6. Советский Союз на международных конференциях периода Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. Т.4. — М., 1984. С. 247.
7. Рассказов Л.П., Упоров И.В. Понятие и приципы ответственности в международном праве. Московский журнал международного права. 2000;(2):37-45.
8. Доклад Комиссии международного права.Гл.2.(08.04)
URL:https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pdf/responsibility.pdf
(қаралған күні 10.04.2022.)
9. Здесь и далее формулировки норм даются по Проекту статей Комиссии международного права из Доклада Комиссии международного права о работе ее двадцать пятой сессии 7 мая — 13 июля 1973 года. Гл. 2.
10. Проект статей об ответственности государств за международно-противоправные деяния 2001 г. // Докл. Комиссии междунар. права о работе ее пятьдесят третьей сессии: док. ООН А/56/10. Нью-Йорк, ООН, 2001.

УДК 341.1/8

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ТАРИХЫНДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Досмагамбетов Еркебулан Мейрамбекович

yerkebulan.dosmagambetov@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Халықаралық құқық» білім беру

бағдарламасының 2 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Зукай Жанерке

Адам құқығы ұғымы б.з.д.V-IV ғасырларда пайда болды және табиғи құқық идеясымен тығыз байланысты болды. Оны алғаш рет ежелгі грек философтары Ликофонт, Антифон, Алкидам қолданған. Олар барлық адамдар туғаннан бастап тең және табиғатпен анықталған бірдей құқықтарға ие деп мәлімдеді. Б.з.д.V-IV ғасырларда Афинада азаматтық қағидаты пайда болды, яғни полисте(мемлекетте) құқықты иелену талабының бірі азаматтық болды. Азамат деп Афина азаматы мен азаматшасынан туылған адам танылды. Кәмелетке толған (20 жас) афиналық еркек Афина мемлекетінің жоғары органы Халық жиналысының жұмысына белсенді қатысуға құқылы болды. Афина азаматы иемденген құқықтар келесідей болды: Халық жиналысында еркін сөз алу, сот ісіне араласу құқығы (азамат жеребе арқылы